

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VJGV4500>***Ж. Аманбекқызы¹, Г. О. Сыздықова²**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-6828-4542>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6365-0113>*e-mail: zhandau06@gmail.com

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «ӨЛІМ» КОНЦЕПТІСІ

Бұл мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі «өлім» концептісіне талдау жасалды. Концептілік өріс құрайтын макроконцептілер мен микроконцептілер негізінде олардың танымдық мәні, этнолингвистикалық уәждері анықталды. Мұның өзі ақын өлеңдеріндегі негізгі концептілерді тану арқылы қазақ халқының танымдық табиғаты мен қазақ тіліндегі «ғаламның тілдік бейнесін» түсінуге мүмкіндік береді. Шәкәрім өлеңдерінде кездесетін «өлім» концептісінің мағыналық сипаты оппозициялық қатынаста беріліп, метафоралар арқылы айшықтала түседі. Ақын тұжырымында «өлім» концептісінің мәні – адамның тіршілігін тоқтатып, өмірін үзгенімен, нағыз рухани өмірдің бастауы, «тіршіліктен оянып, көзін анық ашатын» сәт, даналық деңгейі. Шәкәрім өлеңдеріндегі «өлім» концептісін танымдық тұрғыдан талдау арқылы қазақ халқының сол дәуірдегі ой-танымы, өмір тәжірибесі, психологиясы мен жалпы мәдениетін де тани аламыз. Мақалада «Өлім» концептісінің зерттелуі мен когнитивтік сипаты талданады. Мағыналық-ақпараттық өрісі мен ақын поэзиясындағы қолданылу ерекшелігі, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер арқылы берілуі сөз болады. Сонымен бірге «өлім» концептісі аясында қолданылатын ауыспалы мағынадағы «ар-ұят», «уағда бұзу» секілді концептілер де талданады. Шәкәрім өлеңдері негізінде ұлт танымдағы өлім туралы философиялық ойлар жүйеленіп, танымдық тұрғыдан зерделенеді.

Кілтті сөздер: концептілік өріс, метафора, мәдени жад, эмоция, символ

Кіріспе

Шәкәрім Құдайбердіұлының мол мұрасын лингвофилософиялық, лингвокогнитивтік, дискурстық тұрғыдан талдау – бүгінгі өзекті тақырыптың бірі. Ақын өлеңдерінде концептілік өріс құрайтын қолданыстар көп кездеседі, соның бірі – «Өлім» концептісі.

Зерттеуші С.А. Жиренов «ажал» лексемасын ғалам бейнесіндегі «өлім» концептісінің құрамдас элементі ретінде, өлімге қосымша экспрессивтік мән беретін құбылыс деп атайды: «Ажал мен өлім – адамның табиғи өмірін тоқтататын құбылыстар. Өлім – болмай қоймайтын конкретті құбылыс. Ажал – кенеттен, кездейсоқ болатын құбылыс» [1, 21-б.]. Сонымен бірге «Өлім» макроконцептінің құрамдас бөлігіне Ажал, Қаза секілді микроконцепт тізбегін жатқызады. Ғалам бейнесіндегі «Өлім» концептісінің құрамдас компоненті ретінде қарастырылатын *қаза* – адам өліміне қатысты айтылатын ұғым, өлім сөзінің баламасы. Этнос дүниетанымында өлім суық сөз болғандықтан, оны жұмсартып *қаза болды, бақылық болды, мәңгілік сапарға кетті, көз жұмды* т.б. сөздермен айту ел ішінде кеңінен қолданылады [1, 22-б.]. Өйткені ақын өлеңдерінде кездесетін өлімге қатысты мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер нақылдардан, дидактикалық ойлардан құралады. Және олар қазіргі қазақ лингвистикалық мәдениетінің тұрақты бөлшегі ретінде тілдік сана мен сөйлеу әдебінде белсенді қызмет етеді [2, 18-б.]. Лингвистика ілімінде ғалымдардың тұжырымында концепт менталды құбылыстар, бірліктер арқылы шындық өмірдегі нысандар туралы ойымыз, ол сөз немесе олардың мағынасының жиынтығы емес, санамызда жинақталған сөздің жалпы бейнесі деп танылады [3, 190-б.]. Осыдан қазақ танымында ерекше орны бар «Өлім» концептісінің концептілік өрісін талдаудың маңыздылығы айқындалады.

Материалдар мен әдістері

Шәкәрім шығармаларындағы «Өлім» макроконцептісін талдауда оның микроконцептілік жүйесін құрайтын «ажал», «қаза» ұғымдарын да қарастырамыз. Жұмыста Шәкәрім шығармаларының үш томдық жинағының «Қажыма, ойым, қажыма» атты бірінші томына енген мәтіндер пайдаланылды. Атап айтқанда, «Ақыл құсы адаспай аспандаса», «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым», «Өлген көңіл, ындысыз өмір», «Жоқ болса ақын өзімде», «Кәрілік туралы», «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние», «Өкінішті өмір». Мұнда «Өлім», «Ажал», «Қаза» ұғымдарына сипаттама беріліп, тарихи-салыстырмалы әдіс және жинақтау, концептілік және аналитикалық талдау түрлері мен тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Тілдің концептілік жүйесінде ерекше орын алатын «Өлім» макроконцептісі мен оның «Ажал», «Қаза» секілді микроконцептілері – ақын тілінің өнімді қоры. Қазақтың этностық таным әлемінде «Өлім»

болмай қоймайтын табиғи заңдылық және ол арнайы рәсімдермен астасып жататын діни мазмұнға ие. Адам баласы – өмір мен өлім арасында сағымдай тіршілік кешіп жүрген жан иесі. Шәкәрім өлеңдерінде өлім – өмірдің соңы емес, керісінше, *«тіршіліктен оянып, көзін анық ашатын»* сәт. Және бұл – кез келген пенденің көкірек көзінің ашылып, рухани оянуы емес, шынға барудың даналық жолы. «Бұл ояну – әлемдік ойлау сақинасының ең терең дейсіз бе, ең биік дейсіз бе, деңгейі. Бұл деңгей – даналық деңгейі, рухани тазару деңгейі» [4, 122-б.], – дейді А. Салқынбай. Яғни Шәкәрім танымында *«бұл тіршілік тұсында шын азат»* бола алмайтыны анық, *«жан-тәнімен азат болу»* тек *«құм үстіне салынған құбылмалы сарайға»* байланбай, өмір атты *«тұзақтан»* шығып, ізденіс еркіне бағынып, тәні емес, жаны азаттық алғанда ғана бұйырады.

Концептілік өріс фрейм, бейне, сценарий секілді концептуалды белгілердің құрылымдық сипаты бойынша түзіледі. Өрістің құрамына негізгі концептінің түрлі белгілері мен сипатына сай сөздер мен сөз құрылымдары енеді. «Адамның өз санасына жинақтаған жеке өмірлік тәжірибесі лексикалық мағынада өзектеніп, жүйелік байланысқа түсетіндіктен жеке сөздің лексикалық мағынасы емес, бір-бірімен байланысқан, мағыналық қатынасқа түскен мәнмәтіндік деңгейдегі синтагмалық, парадигмалық мағыналар ерекшелігі қарастырылады» [5, 79-б.]. Демек, «өлім» концептісін талдауда дәл осы ұғымды білдіретін жеке сөздерді ғана емес, мағыналық байланыстағы сөз тіркестерін, сөйлемдерді де қарастырамыз.

Өлім базалық концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісін Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі өлім ұғымына берілген анықтама негізінде алдық. Сөздікте өлімнің басты түсінігі ретінде мыналар берілген: 1) *жүрек соғуының тоқтауы*; 2) *ажал*, 3) *қаза*; 4) *ауыспалы мағынада: ар-ұят* [6, 144-б.]. Өлім концептісіне берілген осы түсініктер негізінде оның мағыналық-ақпараттық өрісін ажыратуға болады. Мұндағы *«жүрек соғуының тоқтауы»* концептісін базалық концепт *өлім* ретінде алып, *ажал*, *қаза* және ауыспалы мағынадағы *ар-ұят*, *уағда бұзу* концептілерін өлімнің мағыналық-ақпараттық өрісі ретінде ұсынамыз. Шәкәрім өлеңдерінде кездесетін өлім базалық концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісін сызба түрінде былай көрсетуге болады:



1-сызба – Өлім концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісі.

Өлім концептісі Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «*жүрек соғуының тоқтауы*», «*тіршіліктің бітуі*» деп сипатталса, Шәкәрім танымында «*Жарға құрбан болуға жаны жараса, өмірден мың есе артық*». Себебі өзі мақсат еткен Хақиқат жар нұрына қанған жанның балталаса да жаны шықпайды. Жүйрік ойына ерік беріп, бұл дүниенің тамашасының бәрі Жар нұрынан жаралған деп санайды. Адам баласы ақылына дем беріп, адаспай тура жолмен жүрер болса, жеті қат көктің өзі оған басқыш болып ғарышқа қолын созып-ақ жете алады. Терең ой мен сау ақылмен шамаласа, жанның бәрі өзі секілді «Жар» табады дейді ақын:

Өлім маған өмірден мың есе артық,

Жарға құрбан қылуға жан шыдаса, [7, 370-б.] – дейді.

Демек, өлім – ақын үшін өзін Жар жолына құрбан етіп онымен бірігіп, мәңгілік бір бүтінге айналу жолы. Сонымен бірге ақын өлімді *ақ өлім*, *Алланың ақ өлімі*, *қара жер* деген фразеологизмдер арқылы да бейнелейді. Шәкәрімде осы бір ақ пен қараның қолданысы метафоралар арқылы да беріледі. Өлімді бейнелі түрде сипаттауда ақын метафоралық оралымдарды орнымен қолданады. Себебі: «Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор» [4, 281-б.]. Яғни метафора танымдық қызмет атқарып, абстракт ұғымдарды нақтылауға көмектесіп, қоршаған әлемді танудың, ол туралы ой қорытып тұжырымдаудың көрінісі, амал-әрекеті саналады. Мұндай когнитивтік метафоралар әртүрлі тұлғалар мен нысандар арасындағы ұқсастықты көркем құрастыра білу қабілетінен пайда болады. Мәселен:

Алланың ақ өлімі келгенде

Амалсыз қара тастай қатасың [7, 139-б.].

Мұнда ұлттық танымдағы *ақ* (*ақ бұйрықты*) өлім деген фразеологиялық тіркес қолданылған. Және ол екі түрлі нысанның қатар алынып, бір нүктеде түйісуі арқылы жасалған. Екі нысан салыстырылып, баламалы түрде қолданылған. Өлім секілді абстракциялы ұғым *тас* секілді нақты

зат арқылы баламаланып берілген. Ғалымдардың пікірінше, метафоралық мағынаның туындауына мәнмәтіндегі жеке сөз емес, сөз тіркесі, онымен байланысқан сөздер тізбегі, ойды жеткізуге жұмсалған сөйлем немесе тұтас мәтін ықпал етеді. Жоғарыдағы метафоралық мағынаны жасауда бір-бірімен сай келмейтін екі түрлі нысан, екі түрлі ұғымды білдіретін атау қатысып, оқырман санасында жаңа бейне, жаңа образ туғызып тұр. Яғни өлім сағаты соққанда адам да қара тас секілді қимылсыз, тіршіліксіз қатып қалатынын жеткізеді. Мұндағы *тас* сөзіне *қара* анықтауыштың қосылуы арқылы оның эмоциялық бояуын арттырып, қайғылы, мұнды суреттеулерді елестетеді.

Ақын өлімді сипаттауда мақал-мәтелдерді де тиімді қолданған. Мәселен, «Кәрілік туралы» өлеңінде:

Қайғы емес қаза, Болмаймын наза,
Ноқталы басқа бір өлім
Туған жан өлмек, Тағдырға көнбек
Кімді алмайды бұл өлім [7, 52-б.].

«Ноқталы басқа бір өлім» деген мәтелдің құрамынан «ноқталы бас – басы ноқталы (айттырып қойған жері бар, айттырған қыз, қалыңдық)» деген фразеологиялық тіркесті кездестіреміз. Мұнда іс-әрекеттің мағына жақындығына қарай фразеологиялық тіркес түрленіп, адам өміріне қатысты мәтелге айналған. Этнолингвистикалық уәжі: ноқталанған бастай айттырған қыздың барар жері қандай айқын болса, өмірі өлшеулі адамның да соңғы межесі өлім екендігі осы мәтелде айқын аңғарылады. Яғни *ноқта* сөзінен *ноқталы бас / басы ноқталы* фразеологиялық мағынасы қалыптасып, істің бастапқы себебін білдіріп тұр, ал оның салдары «*бір өлім*» түрінде анықталып, күрделі ойды білдіретін бір тағанды төрт компонентті мәтелге ұласқан:

ноқта → *ноқталы бас* → *Ноқталы басқа бір өлім*.

Адам баласы бұл дүниеге келгеннен бастап түбі бір өліммен жолығатынын анық біледі. Мұның өзі «*Ер жігітке өлім бар да, қорлық жоқ*» деген халық мақалымен мазмұндас [8, 321-б.]. Яғни ер жігіттің артында өлім қаупі тұрғанда, күні ертең өткінші бұл дүниемен қоштасатынын саналы түрде ұғынғанда дүниелік, пенделік ойлар мен астамшылыққа бой алдырмайды. Үнемі өлімді еске алып отырған жан әр күнін, тіпті әр сәтін мән-мағыналы етіп өткізуге тырысады. Шәкәрім Құдайбердіұлы да өлімнің осы қасиетіне басымдық беріп, оның ізгі мәнін, тәрбиелік астарын ұғындырады.

Ажал концептісі ақын өлеңдерінде өлім концептісімен бірге айтылып, өлімге әкелетін фактор ретінде сипатталады. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында ажал – адамның пәни дүниедегі тіршілігінің соңы, көне сенім бойынша алдын ала белгіленген меже дей келіп, «тағдыр», «маңдайға жазылған», «жазымыш», «пешенеде бар» деген сөздермен байланыстырады.

Қазақ дүниетанымы бойынша, ажал – тіршіліктің қажетті де маңызды бөлшегі, адам үшін болары анық ырықсыз дүние болғанымен, адамгершілік, әлеуметтік тұрғыдан мәні зор, пенденің адами келбетін айғақтайтын маңызды құбылыс [9, 103-б.]. Шәкәрім өлеңдерінде ол кейде мақал-мәтелдер арқылы беріледі:

Ажал жетсе өлдің бе,

Өлім келді, көрдің бе? [7, 19-б.] –

деген жолдарды *«Ажал жетпей өлмек жоқ»* [8, 18-б.] деген мақалдың өлең ұйқасына сай өзгертілген нұсқасы деуге болады. Мұның барлығы өлім адам баласының қашып құтыла алмайтын, түбінде бетпе-бет кездесетін бұл әлемдегі соңғы нүктесі екендігін білдіреді. Және ол бұл өмірдің соңы болғанымен, адам болмысының соңы емес, керісінше, мәңгілік өмірінің бастауы болмақ деген ойын жеткізеді. Мұнда да *«Ажал жетпей өлмек жоқ»* деген мәтелдің құрамынан *«ажал жетті»* деген фразеологиялық тіркестің қарсылықты мағынада қолданылғанын байқаймыз. *Өлім* факторының себебін *«ажал жету»* тіркесі айқындап, мәтелге ұласып тұр. Бір тағанды төрт компонентті мәтел ақын қолданысында бейтарап жақтан екінші жаққа ауыстырылып, өзінің эксплицитті мағынасында берілген.

Қаза концептісі Қазақстан ұлттық энциклопедиясында бұл дүниелік адам тіршілігінің соңы, адамның бұл дүниеден еріксіз кетуі, кенеттен ажал құшуы, Алланың ықтиярымен сөзсіз болатын жазмыш деп анықталады [10, 192-б.]. Ал ақын өлеңдерінде болмай қоймас анық жайдың көрінісі болғандықтан, мұны *«Қайғы емес қаза, болмаймын наза»* деп салмақтылықпен қабылдайды:

Қаза келсе, малдыдан мал таймай ма,

Ажал жетсе, батырдан жан таймай ма? [7, 52-б.].

Мұндағы *«жан»* ұғымы қай халықта болмасын өте күрделі түсінік. Адам жаны көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын дерексіз ұғым болса да, адамзат танымында қалыптасқан ғалам бейнесінде өзіндік орны бар. Жаннан айырылғанда тән шіріп, өлім халіне енеді. Алайда біржола жоғалмай, басқа түрге ауысады. *«Ажал – «өлім» концептісінің атрибут ұғымы. Жанның кеудеден шығуы мифопоэтикалық кеңістікте «ажалдан қорқу», «үрейлену», «еріксіз қиналып, шырқырап шығу» әрекеттерімен сипатталады. Тіліміздегі жанталасты, жанын қарманды, жаны шырқырады тіркестері жанның осындай тылсым табиғатын концептуалдық бейнелеуден туса керек»* [11, 90-б.], – дейді зерттеуші Б. И. Нұрдаулетова.

Шәкәрім шығармаларындағы концептік құрылымдар жүйесін зерттеген ғалым А. Салқынбай ондағы оппозициялық қатынасқа ерекше тоқталады: *«Шәкәрім ақынның шығармашылығындағы даралықты, ерекшелікті танытатын, көркемдік әлемін бағамдаудағы маңызды мәселенің*

бірі – ой мәнінің тереңдеуі мен мазмұнының байсалдылығын ашуда қолданылатын тұлғалардың оппозициялық қатынаста жұмсалуды. Шәкәрім шығармаларындағы басты концепт – өлім мен өмір, көбінесе бинарлық оппозиция сипатында көрініс табады» [4, 87-б.]. Мәселен:

Қуыстап салса, *құндағына*,

Кіретін *көрге* ұқсамақ.

Тағдыр жоқ өлмей тұрмағына,

Өмірді өлім тұсамақ [7, 253-б.].

Мұнда да бір-біріне қарсы мәндегі адам шыр етіп дүниеге келгенде нәрестені орап алатын *құндақ* пен өлгенде қойылатын *көр* ұқсата отырып суреттеледі. Сонымен бірге бұл қолданысты «*Өмірді өлім тұсайды*» [9, 277-б.] деген қазақ мақалының автор қолданысында өлең ұйқасына сай түрлендірген нұсқасы деп алуға болады. Мұнда ақын тіршіліктің тұмақ – өлмек заңдылығын беруде әлем болмысын танудағы өз ізденісіне тән ұлттық ерекшелігі мен сезімдік қабылдауына сай зияткерлік қалпын танытады.

Ар-ұят концептісін Шәкәрім шығармаларындағы негізгі тірек ұғымдардың бірі деуге болады. «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім», – деп басталатын Шәкәрімнің «Үш анығы» дәл осы ұжданға басымдық беріп, саналы өмір сүруге үндейді, ақыл, ұждан сапаларын бәрінен жоғары қояды. Шәкәрім еңбектерінің концептуальдық негізін зерттеген Л. Т. Абикенова ақын дүниетанымындағы басты мәселе ретінде ар-ұжданды атап өтеді [12, 11-б.]. Адамға ғана тән қасиетті сипаттауда мақалдарды пайдаланады:

Орынсызды істеуге өлгенше ұял,

«*Ұят күшті өлімнен*» дегендей-ақ. [7, 163-б.].

Бұл – «*Өлімнен ұят күшті*» [9, 244-б.] деген мақалдың инверсиялық қолданысы. Өлім – адам өмірін жалмайтын, оның тіршілігіне тосқауыл қоятын қатерлі ұғым болса да, халық танымында одан да күшті нәрсе бар. Ол – ар-ұят, ұждан. Тірліктегі ар-ұятыңа бекем болмасаң, күнде өлуге тура келеді. Бойыңда ар-ұятың болмаса, дүниені былғамай өлгенің артық деген катал үкімін жеткізеді:

Ынсап, рахым, *ар, ұят* табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан! [7, 163-б.].

Адам баласы бір өлімнің боларын біледі, оны табиғи құбылыс деп қарайды. Ал тірі жүрген адамның өлімнен де асқан қорқынышы – ел алдында масқара болып, ұятқа қалу; ол адамның ең қымбат, ең абзал қасиеті саналатын ар-намысынан айрылуы болмақ.

Шәкәрім өлеңдеріндегі «Өлім» концептісі құрамындағы тірек ұғымдардың бірі – ***уағда бұзу***. Халық танымында өліммен парапар тағы бір

құбылыс – уәдеде тұрмау, айтқан сөзін орындамау. Бұл да тірі жүрген адамның кісілігіне сын болатын, арлы адамның жасауы мүмкін емес жағымсыз әрекет. Оны ақын өлеңдерінің мына жолдарынан байқауға болады:

Сорлы едім бір айтқан соң мойын бұрмас,

Өліммен уағда бұзған – бәрі бір бәс [7, 118-б.].

Бұл тіркесті «Адам уағдада тұрса, Сөз қадірін білгені. *Уағдада тұрмаса, Ол адамның өлгені* [9, 16-б.] деген мақалдың инварианты деп қабылдауға болады. Ұлт танымында *уағда* сөзінің *уәде*, *ант* секілді баламалары кездеседі. Уәде, уағда дегеніміз адамдар арасындағы ауызекі түрде сөз байласу болса, ант беру – көпшілік алдында жасалатын, белгілі бір рәсіммен орындалатын шара. Ақын ежелден сақталған мұндай нанымға сенбеуден ел іші бұзыла бастады, «ант ұрды» деген осы деп ұқтырады:

Елді бұзған не десең – кетті наным,

«Ант ұрды ма?», – деген сол, ұқсаң, жаным [7, 43-б.].

Ел ішінде наным кеткендіктен бірлік түгіл иман да қалмағанын, бәрінің алдап-арбауға бейімделіп, сенімсіздік жайлағанына қынжылады. Сөзге тоқтай білсек, ант етуге жеткізбей-ақ, жаулық түгіл жанжал да болмас еді дейді:

Жаулық түгіл жанжал да шықпас еді,

Ант етпей-ақ айтылған сөзге жетсе [7, 44-б.].

Демек, ант беру, уәдеге берік болу – қазақ танымындағы киелі ұғымдар, «ант ұрды» деген қарғыс мәндегі, бүкіл ұрпағына кесірі тиер салдары қиын түсінік. Ақын орайы келсе, ант етпей-ақ, қасиетті ұғымның қадірін кетірмей әркім өз сөзіне жауапты болғанын дұрыс көреді. Яғни уағда (уәде) бұзу, анттан аттау мезгілінен бұрын мәңгілікке аттанғанмен бірдей маскара әрекет екендігі айтылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінде өлім әдепкі суық та қорқынышты, өмірді жалмайтын жан алғыштан гөрі Жаратушысына жалғайтын көпір, рухани толысу сатысы ретінде көрініс табады. Ақын өлімді әр сәтінде жырға қосып, әр сөзінде қайталаудан танбайды. Мысалы, «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» деген тек бір өлеңінде «өлім» зат есімі екі рет (*өлім келді, ақ өлім*), «ажал» мен «қаза» зат есімі бір реттен (*ажал жетсе, қаза келді*), «өлу» етістігі бес рет кездеседі (*өлдің бе, өлместей, өле қал, өлдім де, өлген соң*). «Өлім» макроконцептісін сипаттауда «ажал», «қаза» микроконцептілерінен бөлек бейнелі түрде берілген тіркестер де кездеседі. Дәл осы өлеңде өлім *«алдыңда кірер үйің», «барғанда кірер жерің», «жалғанды талақ қылу», «сөне қалу», «алдыңғы жақ», «қор болу», «қаза келу», «жалғаннан кету»* деген метафоралы тіркестермен сипатталады. Мұнан басқа «Өлген көңіл, ындысыз өмір», «Жоқ болса ақын өзімде», «Көрілік туралы», «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние», «Өкінішті

өмір» өлеңдерінің бәрі өлімді жырлайды. Ақын өмірлік ізденісіне сай бұл тақырыпты әрбір өлеңінде арқау еткен деуге болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, сөздіктерде Шәкәрім өлеңдерінде кездесетін «өлім» концептісімен ассоциацияланатын *ажал, қаза, жазмыш, тағдыр, жүрек соғуының тоқтауы, маңдайға жазылған, пешенеден бар және ауыспалы мағынадағы ар-ұят, уағда бұзу* ұғымдары келтірілген. «Өлім», «ажал», «қаза» сөздері бір ұғымды бергенімен, мағыналық реңктері әртүрлі. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында өлім концептісіне берілген түсініктер негізінде «жүрек соғуының тоқтауы» концептісін базалық концепт өлім ретінде алып, ажал, қаза және ауыспалы мағынадағы ар-ұят, уағда бұзу концептілерін өлімнің мағыналық-ақпараттық өрісі ретінде талданды.

Ақын өлімді сипаттауда оппозициялық қатынасты (*құндақ – көр, жаялық – кебін*), метафораны (*өлім – тас*) қолданады. Өлімнің мәні мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер арқылы ашыла түседі. Сондай-ақ *ар-ұят* ұғымы өлімнен де күшті мәнге ие, ол адамның бойында болмаса, «дүниені былғамай өлген артық» деп түйіндейді. Өліммен мазмұндас мағынада қолданған тағы бір концепт – *уағдада тұрмау*. Ақын уағдаға берік болмаған жан қазақ танымында қарғыс арқалайтынын (ант ұрған) ұқтырады. Сол себепті мұның өзі ақын қолданысында өлімнен де салмағы ауыр ұғымдар ретінде сипатталады. Және оны жеткізуде халық аузындағы мақал-мәтелдерді, фразеологиялық тіркестерді шебер қолданады. Мақал-мәтелдердің энтолингвистикалық уәжі ақынның айтар ойына сай мәтінді толықтырады. Мақалада «Өлім» концептісінің концептілік өрісі айқындалып, өріс құрайтын концептілер арқылы оның мәні ашылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жиренов, С. А.** ХҮ–ХІХ ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы «Өмір-Өлім» концептісінің танымдық табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты [Мәтін]. – Алматы, 2004.

2 **Abramova, G., Dmitryuk, N.** Edification Dictums in the Language Consciousness of the Kazakh Ethnos. – Psycholinguistics, 2021. – 29 (2). – 8–24. <https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-29-2-8-24>

3 **Sultangubiyeva, A. A., Avakova, R. A., Gabdullina, Z. Ye., Ibragimkyzy, S., Imangalieva, S. Zh.** Linguistic units of the concept «heart» in the world linguistic image (On the material of Kazakh and English languages). – Astra Salvensis, 2021. – P. 187–198. – <https://astrasalvensis.eu/2021-2/#>

4 **Салқынбай, А.** Шәкәрім шыққан шың [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 213-б.

5 **Бияздықова, Ә. Ә.** Қазақ тіліндегі «Бақыт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметі. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Мәтін]. – Алматы, 2014.

6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Т. 12 / Құраст. : Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек [Мәтін]. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 752-б.

7 Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. Т. 1: Қажыма, ойым, қажыма [Мәтін]. – Алматы : Абай клубы, 2008. – 408-б.

8 **Динаева, Б. Б.** Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивтік аспектісі: Монография [Мәтін]. – Астана, 2013. – 160-б.

9 Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т.66: Қазақ мақал-мәтелдері [Мәтін]. – Астана: «Фолиант», 2010. – 350-б.

10 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған [Мәтін]. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – 720-б.

11 **Нүрдәулетова, Б. И.** Когнитивтік лингвистика. Оқулық. [Мәтін]. – Алматы: ҚР ЖОО қауымдастығы, 2011. – 312-б.

12 **Abikenova, L. T.** Literary and conceptual foundations of Shakarim Kudaiberdiuly's works [Мәтін]. Павлодар : Торайгыров университетінің Хабаршысы: Филологиялық серия. – 2024. – № 3. – Б. 6–18.

References

1 **Zhirenov, S. A.** XY–XIX g.g. aky`n-zhy`raular poe`ziyasy`ndagy` «Omir-Olim» konceptisinin tany`mdy`q tabigaty` [The cognitive nature of the concept of «Life-Death» in the poetry of poets-zhyrau of the X–XIX centuries]. Filologiya gy`ly`mdary`ny`n kandidaty` gy`ly`mi darezhesin alu yshin dajy`ndalghan dissertatsiyanı`n avtoreferaty` [Text]. – Almaty`, 2004

2 **Abramova, G., Dmitryuk, N.** Edification Dictums in the Language Consciousness of the Kazakh Ethnos. – [Text]. Psycholinguistics, 2021. – 29 (2). – 8–24. – <https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-29-2-8-24>

3 **Sultangubiyeva, A. A., Avakova, R. A., Gabdullina, Z. Ye., Ibragimkyzy, S., Imangalieva, S. Zh.** Linguistic units of the concept «heart» in the world linguistic image (On the material of Kazakh and English languages) [Text]. Astra Salvensis, 2021, pp. 187–198. <https://astrasalvensis.eu/2021-2/#>

4 Salqy`nbaj, A. Shakarim shy`qqan shy`n [The peak of Shakarim][Text]. – Almaty`: Qazaq universiteti, 2020. – 213 p.

5 **Biyazdy`qova, A. A.** Qazaq tilindegi «Baqy`t» konceptisinin tany`mdy`q sipaty` men qy`zmeti [Cognitive nature and function of the concept of «Happiness»

in the Kazakh language]. *Filosofiya doktory` (PhD) gy`ly`mi darezhesin alu yshin dajy`ndalghan dissertaciya* [Text]. – Almaty`, 2014.

6 Qazaq adebi tilinin sozdigi, [Dictionary of the Kazakh literary language]. T. 12 / Qurast. : Zh. Mankeeva, S. Bizaqov, Ə. Zhynisbek [Text]. – Almaty`: «Ary`s» baspasy`, 2009. – 752 p.

7 Qudajberdiuly` Shakhkarim shy`garmalary`ny`n ysh tomdy`q zhinagy`. [Three-volume collection of works by Kudaiberdiuly Shakhkarim] T. 1: Qazhy`ma, oiy`m, qazhy`ma [Text]. – Almaty` : Abaj kluby`, 2008. – 408 p.

8 **Dinaeva, B. B.** Qazaq maqal-matelderinin pragma-kognitivtik aspektisi [Pragma-cognitive aspect of Kazakh Proverbs]: Monografiya [Text]. – Astana, 2013. – 160 p.

9 Babalar sozi. Zhyz tomdy`q. T. 66: Qazaq maqal-matelderi [Kazakh Proverbs][Text]. – Astana : «Foliant», 2010. – 350 p.

10 Kazakhstan. Ultty`q e`nciklopediya / Bas red. B.Ayagan [Kazakhstan. National Encyclopedia] [Text]. – Almaty`: «Kazakh e`nciklopediyasy`ny`n» Bas redakciyası, 2003. – 720 p.

11 **Nurdauletova, B. I.** Kognitivtik lingvistika [Cognitive linguistics]. Oquly`q. [Text]. – Almaty` : KR ZhOO qauy`mdasty`gy`, 2011. – 312 p.

12 **Abikenova, L. T.** Literary and conceptual foundations of Shakarim Kudaiberdiuly`s works [Text]. – Pavlodar: Torajgy`rov universitetinin Xabarshy`sy`: Filologiyaly`q seriya. – 2024. – № 3. – P. 6–18.

09.10.24 ж. баспаға түсті.

08.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Аманбекқызы¹, Г. О. Сыздыкова²

^{1,2}Евразийский национальный университет

имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 09.10.24.

Поступило с исправлениями 08.01.25.

Принято в печать 25.11.25.

КОНЦЕПТ «СМЕРТЬ» В СТИХАХ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ

В статье проводится концептуальный анализ стихов Шакарима Кудайбердиулы, где особое внимание уделено концепту «смерть». На основе макроконцептов и микроконцептов, образующих

концептуальное поле, проводится анализ их познавательной сути и этнолингвистических мотивов. Это позволяет понять познавательную природу казахского народа и «языковую картину мира» на казахском языке с помощью анализа основных концептов в стихах поэта. Важную роль в этом играет использование метафор и оппозиционные противопоставлений, что подчеркивает многозначность этого понятия в его творчестве. В высказывании поэта этот концепт представлен не только как конец физической жизни, но как начало духовного просветления и нового уровня мудрости. Шакарим видит смерть как момент пробуждения и переход к более глубокому пониманию бытия. Через познавательный анализ концепта «смерть» в стихах Шакарима можно понять и мысли, жизненный опыт, психологию и общую культуру казахского народа той эпохи. В статье анализируется ход исследования и когнитивный характер понятия «смерть». Кроме того, исследуются другие ключевые концепты, такие как «совесть», «нарушение обещаний» и связанные с ними моральные принципы, отраженные через фразеологизмы, пословицы и поговорки. Эти концепты рассматриваются в этнолингвистическом контексте, показывая, как они вписываются в более широкую систему народного мировоззрения и философии.

Ключевые слова: концептуальное поле, метафора, культурная память, эмоции, символ

*Zh. Amanbekkyzy¹, G. O. Syzdykova²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 09.10.24.

Received in revised form 08.01.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE CONCEPT OF «DEATH» IN SHAKARIM KUDAIBERDIULY'S POEMS

The article provides a conceptual analysis of Shakarim Kudaiberdiuly's poems, where special attention is paid to the concept of «death». On the basis of the macroconceptions and microconceptions forming the conceptual field, the analysis of their cognitive essence and ethnolinguistic motives is carried out. This allows us to understand the cognitive nature of the Kazakh people and the «linguistic picture of the world» in the Kazakh

language by analyzing the basic concepts in the poet's poems. An important role in this is played by the use of metaphors and oppositional oppositions, which emphasizes the ambiguity of this concept in his work. In the poet's statement, this concept is presented not only as the end of physical life, but as the beginning of spiritual enlightenment and a new level of wisdom. Shakarim sees death as a moment of awakening and a transition to a deeper understanding of being. Through the cognitive analysis of the concept of «death» in Shakarim's poems, one can understand the thoughts, life experience, psychology and general culture of the Kazakh people of that era. The article analyzes the course of research and the cognitive nature of the concept of «death». In addition, other key concepts are explored, such as «conscience», «breaking promises» and related moral principles, reflected through phraseological units, proverbs and sayings. These concepts are considered in an ethnolinguistic context, showing how they fit into a broader system of folk worldview and philosophy.

Keywords: conceptual field, metaphor, cultural memory, emotions, symbol.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz